

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – БІЛІМ КАПИТАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

**Сомжүрек Баубек Жұмашұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы

т.ғ.к., ассоц. профессор

**Исахова Гулазия Дүйсенхановна**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

Әлеуметтік жұмыс магистрі

XXI ғасыр адамзаттың қоршаған ортаны тануы мен адами капиталын қалыптастырудағы көптеген жаңа тенденцияларға толы кезең болып отыр. Сондықтан да, білім – қазіргі заманның ең ірі капиталы және қажеттіліктер қанағаттандырудың (рухани, материалдық және әлеуметтік) негізгі көзіне айналды.

Қазіргі әлемдегі білім берудің рөлі мен функцияларының өзгеруіне алғаш болып экономистер өз еңбектерінде жауап берді. Экономикалық ғылымының неоклассикалық теоретиктері Теодор Шульц пен Гари Беккер алғаш рет білім беруді жеке тұлғаның болашақ табысқа құятын инвестициясы ретінде анықтады. Осы зерттеушілер ғылым саласына «адам капиталы» терминін енгізді және оны, әр адамға қол жетімді және өндірістік және тұтынушылық мақсаттарда қолданылатын білім, дағдылар мен қабілеттер қоры ретінде түсіндірді.

Т.Шульц [1] пен Г. Беккер (1979 және 1992 жылдардағы экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары) арнайы білімі бар адамдар, жалпы орта білімі бар адамдарға қарағанда табысы жағынан артықшылықтарының бар екендігін алғаш рет есептеу жолымен көрсетті. Г.Беккер білімнің экономикалық тиімділігін практикалық тұрғыда есептеп шығарды. Мысалы, жоғары білімге байланысты, колледж аяқтағандар мен мектептен ары қарай білім алмағандардың өмірлік табысындағы айырмашылықты есептеді. Біз, Г.Беккердің теориялық тұжырымын Сурет – 1 көрсеттік.

## Сурет – 1



Көрсетілген теориялық тұжырымда жоғары білімі бар адамдар мектептен кейін білім алмағандарға қарағанда қаражат көп табатындығын көрсетті. Сонымен қатар, Г.Беккер білім алуға қатысты шығындардың болатындығын есептеп көрсетеді.

Білім алуға қатысты шығындардың ішінде, ол «жоғалған табыстар» яғни, студенттердің оқуына байланысты жалақы алмау кезеңі. Мағынасы бойынша, оқуға арналған жылдарға жұмсалған уақытта студенттер табыс таппасада олардың білім алуы өздерінің адами капиталын қалыптастыруға жұмсалады. Оқытудың артықшылықтары мен шығындарын салыстыру адамға салынған инвестициялардың кірістілігін анықтауға мүмкіндік берді.

Г.Беккер адамды жалпы және арнайы түрде инвестициялау болатындығын нақтылайды. Арнайы дайындық, қызметкерге сол фирманың шеңберінде ғана еңбек етуге жарайтын білім мен қабілеттілікті, өнімділікті береді (фирманың ішкі құжаттарына байланысты немесе әртүрлі ротациондық бағдарламалар). Ал жалпы дайындық, қызметкерге сол фирмада жұмыс жасау, жасамауына тәуелсіз жалпы білімді береді (жұмыста жеке компьютерде жұмыс жасауды үйрету) [2].

Білім – бұл жүйеленген, игерілген, адам санасында өңделген және іс жүзінде тексерілген ақпарат жүйесі. Бұл жаңартылатын, бірегей және оны басқа активтерден ерекшелейтін ресурс, ол пайдалану процесінде артып отырады.

Білімнің бірегейлігі – бұл ресурс, өндіріс факторы, актив және игілік. Мұнда, біздің ойымызша, біз тұжырымдаған білімді қайта құрудың экономикалық заңын атап өту орынды болады, оның мәні білімді бір формадан екінші формаға, мысалы, жасырын формадан айқын формаға, кодификацияланбаған формадан кодификацияланғанға және т.б. берудің тұрақты объективті қажеттілігі болып табылады [3].

Қазіргі кезде адамдардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз ететін ең ірі құрал, бұл, интернет желісі болып отыр. Интернеттің қарқынды дамуы, білім саласында ірі өзгерістерді алып келді. Интернет қашықтықты негізге ала отырып, білімді қашықтықтан алуға болатындығын көрсетті. Интернет желісі адамдардың білім капиталын қалыптастыруға зор ықпал ете отырып, адамдардың білімінің үнемі жаңарып отыруына және артып отыруына түрлі оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асып отыр.

Қашықтықтан оқыту жоғары білімге қол жеткізудің баламалы жолы бола отырып, белгілі бір медиа құралдары арқылы қамтамасыз етіледі, олар: Интернет, DVD, CD, Web Cams, спутниктік байланыс, бейне-конференциялар, теледидар, радио және т.б.

Батыста қашықтықтан оқытуды таратудың ең үлкен мотивациясы әлеуметтік өзгерістер болды, нарықта жұмыс жасағысы келетіндер тек қара күші арқылы ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой күшіне де байланысты жұмыс істегісі келетіндерге жоғары білім қажет болды. Бұл ретте, білім алушылар өздерінің өмір салтын жалғастыра алады және өздері тұратын экономика мен қоғамның өзгеріп отырған талаптарын орындай алады. Студент пен оқытушының географиялық және / немесе уақытша бөлінуі олардың үнемі байланыста болуына кедергі келтірмейді, ал қашықтықтан оқытуға қатысу студенттің жауапкершілігінің жоғары дәрежесін білдіреді [4].

Кез-келген жоғары сапалы қашықтықтан оқыту курсының өзегі – ол, жақсы оқытудың дизайнының болуы, оның негізгі екі ұстанымы бар, олар- оқыту мен мінез-құлық немесе конструктивизм теориясы. Негізгі мақсаты, білім алушыларды тек біліммен қамтамасыз етпей, біліктілікті арттыру.

Covid-19 пандемиясы жағдайында білім беру саласы қашықтықтан оқытуды карантин режимін сақтауға үлкен мүмкіндік берді және қашықтықтан оқытудың технологияларының ары қарай қарқынды дамуына әсер етті.

Карантин кезінде білім беру процесі келесі форматтарда ұйымдастырылуы мүмкін:

- 1) қашықтықтан оқыту;
- 2) аралас оқыту

Қашықтықтан оқыту-педагог қызметкерлер мен білім алушылардың өзара және педагогикалық, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту құралдарымен уақыт пен кеңістікте мақсатты түрде ұйымдастырылған және келісілген өзара іс-қимыл процесі.

Аралас оқыту – бұл ЖОО-ның білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын, дәстүрлі күндізгі оқытуды онлайн оқытумен ұштастыру негізінде білім беру процесін ұйымдастыру.

Covid-19 пандемиясы жағдайында бүкіл әлем бойынша ЖОО-да қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылданды, мысалы АҚШ-ты қарастыратын болсақ, АҚШ-та Қашықтықтан оқытудың бірыңғай форматы жоқ, әр мұғалім форматты өз бетінше таңдайды. Дәрістердің ең көп таралған форматтары:

- 1) course capture (оқытушы дәрісті камералармен жабдықталған аудиторияда оқиды және дәрісті жазып порталға іледі);
- 2) Zoom-да тікелей дәріс (студенттер чатта немесе дауыспен сұрақтар қоя алады)
- 3) студенттердің материалдарды оқытушысыз өз бетінше оқуы.

АҚШ университеттері оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен оқыту форматтарын дербес анықтайды, оңтайлы әлеуметтік алыстату үшін кестелерді қайта қарастырады және қажет болған жағдайда карантин режимдерін ұстанады.

Қытайда ЖОО-лар барлық сабақтарды ClassIn, Canvas электрондық платформалары және ЖОО-ның веб-сайты арқылы онлайн-форматқа көшірді. Бұл ретте ПООҚ-ның дәріс оқуға бірнеше мүмкіндігі бар:

- 1) live режиміндегі дәрістер,
- 2) Алдын ала жазылған дәрістер,

3) вебинарлар,

4) жаппай ашық онлайн-курстар (МООС) және материалдар ЖОО-ның веб-сайтына жүктеледі [5].

Қазақстан Республикасының ЖОО-ы академиялық және басқарушылық дербестік шеңберінде жинақталған әлемдік оң тәжірибені пайдалана отырып және осы ұсынымдарды басшылыққа ала отырып, карантинді сақтай отырып, оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру туралы дербес шешім қабылдады.

Қазақстандық тәжірибеде қашықтықтан білім беру түрлі білім беру порталдары арқылы жүзеге асып отыр, олар Сурет – 2 көрсетілген.

Сурет 2



Суретте тек ең талымал жүйелер ғана көрсетілді, бұл жүйелерден бөлек әрбір ЖОО мен мектептердің білім беру порталдары бар. Мысалы, А.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Platonus, Microsoft Teams және Moodle порталдары бар, одан бөлек edu.kz парақшасында студенттер мен оқытушыларға қолжетімді электронды кітапхана бар.

Қашықтықтан оқытудың теориясы мен практикасын талдай келе оған тән сипаттамалық ерекшеліктерді атап өтуге болады:

1. "Икемділік" Білім алушылар өздеріне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде және ыңғайлы қарқынмен шұғылданады. Әр адам пән курсы игеру және таңдалған пәндер бойынша қажетті білім алу үшін қажет болғанша оқи алады.

2. "Модульділік" Тәуелсіз оқу курстарының жиынтығынан жеке немесе топтық қажеттіліктерге жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

3. "Параллелділік" Негізгі кәсіби қызметті оқумен ұштастыра отырып жүргізілуі мүмкін.

4. "Қашықтағы әрекет" Білім алушының орналасқан жерінен білім беру мекемесіне дейінгі қашықтық (байланыстың сапалы жұмысы жағдайында) тиімді білім беру процесіне кедергі болмайды.

5. "Асинхрония" Оқу процесінде оқытушы мен студент әр кесте үшін ыңғайлы жұмыс істейді.

6. "Қамту" Білім алушылардың саны сыни параметр болып табылмайды.  
7. "Рентабельділік" Бұл ерекшелік экономикалық тиімділігін білдіреді.  
8. "Білім алушы" Білім алушыға қойылатын талаптар дәстүрлі талаптардан айтарлықтай ерекшеленеді.

9. "ЖАТ" (жаңа ақпараттық технологиялар) Қашықтықтан оқытуда негізінен жаңа ақпараттық технологиялар пайдаланылады, олардың құралдары компьютерлер, компьютерлік желілер, мультимедиа жүйелері және т. б. болып табылады.

10. "Әлеуметтік" Қашықтықтан оқытуда белгілі бір дәрежеде тұратын жеріне және материалдық жағдайына қарамастан білім алудың тең мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік шиеленісті басады.

11. "Әртүрлі ұлттық" Қашықтықтан оқытуда, білім беру қызметтерінің экспорты мен импортының қолайлы мүмкіндігін қамтамасыз етеді [6].

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері[7] толыққанды зерттелмегенімен бұқаралық ақпарат көздерінде бірнеше кішігірім саралау мәліметтері бар. Мысалы, қысқаша тоқталар болсақ:

Сурет – 3



Қорыта айтқанда, қашықтықтан білім беру Covid-19 пандемиясы жағдайында адамдардың білім капиталын сақтап қалуға және оны дамытуға үлкен үлес қосып отыр. «Қашықтықтан білім беру, білім сапасын төмендетеді» – деген сын пікірлер болғанымен, бұл технология қазіргі кезде ең тиімді және қолайлы технологияға айналып отыр.

Сондықтан да, Қазақстандық білім беру саласындағы қашықтықтан оқытудың білім капиталына әсерін зерттеу жұмыстарын көбейтіп, оның кемшіліктері мен артықшылықтарын эмперикалық тұрғыда саралау қажет. Осы қажеттілік әр сала мамандықтарының және барлық деңгейдегі (мектеп, колледж, жоо) оқу орындарының өзекті мәселелерін ашуы тиіс. Одан бөлек, қашықтықтан білім берудің әлеуметтік және экономикалық, психологиялық аспектілерін зерттеуде өте маңызды, өйткені білім капиталы осы факторларға да өте тәуелді болып келеді.

### Әдебиеттер

1. Schultz T. Investment in Human Capital. N. Y., 1971.
2. Becker G.S. Human Capital. N. Y.: Columbia University Press, 1964.
3. Степанова Т.Е. Закономерности экономики, основанной на знаниях. – Самара: Изд. Самар. гос. экон. акад., 2005. 20-22 бб.
4. [http://www.who.int/hrh/resources/transf\\_scaling\\_hpet/en/](http://www.who.int/hrh/resources/transf_scaling_hpet/en/)
5. МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ по организации учебного процесса ОВПО в 2020-2021 учебном году.
6. Гребенюк И. И., Голубцов Н. В., Кожин В. А., Чехов К. О., Чехова С. Э., Фёдоров О. В. Анализ инновационной деятельности высших учебных заведений России. 2012 г. ISBN: 978-5-91327-164-8
7. [https://moeobrazovanie.ru/plusy\\_i\\_minusy\\_distancionnogo\\_obrazovaniya.html](https://moeobrazovanie.ru/plusy_i_minusy_distancionnogo_obrazovaniya.html)